

МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Мамандығы: Жалпы медицина

Дисциплина: Патологиялық анатомия

Кафедра : Патологиялық анатомия

Курс: II

Тақырыбы: Өлім, өлім белгілері. Танатогенез. Терминальды жағдай.
Өлімнен кейінгі өзгерістер.

Орындаған: Қуанышқызы С.

Группа: 202 “Б”

Тексерген: Ешпанов Р.С.

ЖОСПАРЫ:

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

2.1.Өлім, оның көрініс белгілері, түрлері

2.2.Өлу үрдістері

2.3.Өлгеннен кейінгі өзгерістер

3.Қорытынды

Өлу заңдылықтарын, оның себептерін және өлімнен кейінгі өзгерістерді зерттейтін ілімді танатология деп атайды. Өлім белгілерін білу, өлім себептерін анықтау барлық дәрігерлер үшін, әсіресе, патологанатомдар үшін аса қажет. Патологанатом тек аурухана жағдайында қайтыс болған науқасты ашып көріп, өзінің қорытынды сөзін, өлімнің қандай ауру салдарынан болғанын, оның пайда болу механизмдерін ашып береді

Өлім - биологиялық ұғым; организмнің тіршілік әрекеті қайтымсыз тоқтайды. Адам өлісімен өлі денеге, яғни мәйітке, кейін мүрдеге (cadaver) айналады.



Өлім
дамытқан себебіне қарай


```
graph TD; A[Өлім дамытқан себебіне қарай] --> B[Табиғи өлім қарттар мен көп жасағандардың организмнің табиғи тозуының нәтижесінде орын алады]; A --> C[Зорлықтық өлімнің себептері - қастықпен немесе жазатайым өлтіру, өзін-өзі өлтіру, жазатайым жағдайлар және түрлі жарақаттар]; A --> D[Аурулық өлім организмдегі патологиялық үдерістер тіршілікке мүмкіндік қалдырмағанда дамиды.];
```

Табиғи өлім қарттар мен көп жасағандардың организмнің табиғи тозуының нәтижесінде орын алады

Зорлықтық өлімнің себептері - қастықпен немесе жазатайым өлтіру, өзін-өзі өлтіру, жазатайым жағдайлар және түрлі жарақаттар

Аурулық өлім организмдегі патологиялық үдерістер тіршілікке мүмкіндік қалдырмағанда дамиды.

ТЕРМИНАЛЬДЫ ЖАҒДАЙ



Ауыр естен
тану

Коллапс

Жанталасу

Шектен шыққан
кома

Преагональды
күй

Клиникалық
өлім

ӨЛУ ҮРДІСІ ӨТЕ КҮРДЕЛІ БОЛЫП,
БІРНЕШЕ САТЫЛАРДАН ТҰРАДЫ:

ЖАНТАЛАС
АЛДЫ КҮЙІ

ЖАНТАЛАС
(АГОНИЯ)

КЛИНИКАЛЫҚ
ӨЛІМ

КЛИНИКАЛЫҚ ӘДЕТТЕ 5-6 МИНУТТАН СОҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ
ӨЛІМГЕ АЙНАЛАДЫ. ОСЫ КЕЗДЕН БАСТАП ҚАНА ОРГАНИЗМДІ
МӘЙІТ ДЕП АТАУҒА БОЛАДЫ.

Биологиялық өлімнен кейін біршама уақыттан соң өлімнің морфологиялық белгілері және өлімнен кейінгі өзгерістер дамиды. Бұл өзгерістерді анық білу және зерттеу, кейбір жағдайда кездесетін жалған өлімді анықтауда аса қажет. Сол үшін мәйітті клиникада кемінде 2 сағат сақтап, өлімнің алғашқы белгілері байқалғанда ғана патологиялық анатомия бөлімдеріне көшіреді

ӨЛГЕННЕН КЕЙІН МӘЙІТТЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛІМГЕ ТӘН БІРҚАТАР ҮДЕРІСТЕР ҚАЛЫПТАСАДЫ, ОЛАР МЫНАЛАР:

- МӘЙІТТИҢ СУУЫ (ALGOR MORTIS). ӨЛІ ДЕНЕ ЖЫЛУ ТҮЗБЕЙДІ, СОНДЫҚТАН ОНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫ БІРТІНДЕП СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫМЕН ТЕҢЕЛЕДІ.
- МӘЙІТТИҢ СІРЕСІП ҚАЛУЫ (RIGOR MORTIS) - ЕРІКТІ ЖӘНЕ ЕРІКСІЗ ҚИМЫЛДАЙТЫН БҰЛШЫҚЕТТЕРДІҢ ҚАТАЮЫ. МӘЙІТТИҢ СІРЕСУІ ЖАҚ, БЕТ, МОЙЫН БҰЛШЫҚЕТТЕРІНЕН БАСТАЛЫП, БҮКІЛ ДЕНЕГЕ ТАРАЙДЫ, БІР ТӘУЛІКТЕН КЕЙІН БАРЫП ОЛАР ҚАЙТАДАН БОСАЙ БАСТАЙДЫ.
- МӘЙІТТИҢ КЕБУІ - ӨЛГЕННЕН КЕЙІН ДЕНЕДЕГІ СҰЙЫҚТЫҚТАРДЫҢ ҚҰРҒАП ЖӘНЕ БУЛАНЫП КЕТУІНІҢ НӘТИЖЕСІ.
- ҚАННЫҢ ҚАЙТА БӨЛІНУІ. ӨЛГЕННЕН СОҢ АРТЕРИЯ ҚАН ТАМЫРЫНЫҢ ҚЫСҚАРУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАН ВЕНА ТАМЫРЛАРЫНА ӨТЕДІ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ САЛМАҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДЕНЕНІҢ ТӨМЕНДЕ ЖАЙҒАСҚАН БӨЛІКТЕРІНЕ ЖИНАЛА БАСТАЙДЫ.
- МӘЙІТ ДАҚТАРЫ ӨЛГЕННЕН СОҢ 2-4 САҒАТТАН КЕЙІН ПАЙДА БОЛАДЫ. ОЛАР МӘЙІТТИҢ ТӨМЕНГІ БӨЛІГІНДЕ КӨКАЛА-ҚЫЗЫЛ НЕМЕСЕ ҚОҢЫР-КҮЛГІН ТҮСТЕ КӨРІНЕДІ.

МӘЙІТ ДАҚТАРЫ



ӨЛІМНЕН КЕЙІНГІ БЕЛГІЛЕРІНЕ АУТОЛИЗ ЖӘНЕ ШІРУ ҮРДІСТЕРІ КІРЕДІ.

ӨЛГЕННЕН КЕЙІНГІ АУТОЛИЗ ЖАСУШАЛАРЫНДА ГИДРОЛИЗДІК ФЕРМЕНТТЕР КӨП БЕЗДІ МҮШЕЛЕРДЕН БАСТАЛЫП, ӨТЕ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРЕДІ. СӨЛІ ӨТЕ БЕЛСЕНДІ БОЛҒАНДЫҚТАН АСҚАЗАН ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРЫТАДЫ. АСҚАЗАНДАҒЫ СӨЛ ДЕММЕН ТЫНЫС ЖОЛДАРЫНА ӨТСЕ, ӨКПЕНІҢ “ҚЫШҚЫЛДЫҚ” ЖИДУІ БАЙҚАЛАДЫ

ІШЕКТЕ КӨБЕЙГЕН ШІРІТКІШ БАКТЕРИЯЛАР МӘЙІТТІҢ ТІНДЕРІН ЖАЙЛАСА, АУТОЛИЗГЕ ШІРУ ҮДЕРІСІ ҚОСАРЛАНАДЫ. ШІРІТУШІ БАКТЕРИЯЛАР ГИДРОЛИЗДЕУШІ ФЕРМЕНТТЕРІН БӨЛІП ШЫҒАРАДЫ, НӘТИЖЕСІНДЕ ОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАР ЫДЫРАЙ БАСТАЙДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ТІНДЕРДЕ ӨТЕ ЖАҒЫМСЫЗ ИІС ПАЙДА БОЛЫП, ОЛАР САРҒЫШ ЖАСЫЛ ТҮСКЕ КІРЕДІ.

ҚОРЫТЫНДЫ

ТАБИҒАТТАҒЫ ТІРІ ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ БӘРІ ДЕ ТІРШІЛІГІН ӨЛІММЕН АЯҚТАЙДЫ, ЯҒНИ МӘЙІТКЕ АЙНАЛАДЫ. АДАМ ӨЛІМІН БҮКІЛ ОРГАНИЗМНІҢ ӨЛІМІ ДЕП ҚАРАУ КЕРЕК. БІРАҚ, ӘРТҮРЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР АРҚЫЛЫ КЕЙБІР АҒЗАЛАРДЫҢ, ТІНДЕРДІҢ ӨЗ ТІРШІЛІГІН ОРГАНИЗМ ӨЛГЕННЕН KEЙІН ДЕ БІРАЗ УАҚЫТҚА ДЕЙІН САҚТАЙ АЛАТЫНДЫҒЫ АНЫҚТАЛҒАН. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ӨЛГЕН АДАМ АҒЗАЛАРЫН, ТІНДЕРІН ТРАНСПЛАНТАЦИЯ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНШІЛІГІ ТУДЫ.

Презентация бағалау критерийі (бағалау парағы)

№	Орындау критерийі	0-0,1	0,2-0,3	0,4-0,5
1	Презентация рәсімделуі			
2	Презентацияның жоспары			
3	Иллюстративті материал			
4	Өзектілігі			
5	Мазмұны			
6	Қорытынды/ұсыныстар			
7	Әдебиеттер			
8	Презентация кестесіне сай тапсырылу дер кезінде тапсырылуы			

ҚОРЫТЫНДЫ

0-0,1 критерий орындалмаған

0,2-0,3 критерий ескертулермен орындалған

0,4-0,5 критерий орындалған